



МҰРАНЫҢ АШЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Жылысова Аңсаған.

Мұрагерлік дегеніміз не?

° қайтыс болған адамның мүлкі мен мүліктік құқықтарының мұрагерге ауысуы. Мұрагерлік өсиет және заң бойынша жүзеге асырылады. Азамат мүлкін бір немесе бірнеше адамға, тұтастай не бір бөлігін ғана қалдыра алады

Мұраның ашылу орны

- Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады.



Мұраның ашылу түсінігі

- Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн **мұраның ашылу уақыты** болып табылады. Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

Мысалы, белгілі бір апатта азамат қайтыс болды деп жариялағанда, сот қайтыс болу күні деп, апат болған күнді бекітеді.



Мұраның қалдыру уақыты дегеніміз не?

- Сот шешімінде көрсетілген күн мен сол шешімнің күшіне енген мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан осындай жағдайларда сот шешімі күшіне енген күннен бастап есептеген дұрыс.

Мұраның ашылу уақытында керек болатын келесі анықтамалар

Мұрагерлік мүліктің құрамы

мұраны қалдыру не
мұрадан бас тарту мерзімі

кредиторлардың талап
қою уақыты

Мұрагерлердің мұрагерлік мүлікке ие болу
Құқығының пайда болу уақыты

мұрагерлік құқық куәлігін
беру уақыты

Мұраның ашу жері

- Мұраның ашу жері мұра қалдырушының **соңғы тұрған жері** болып табылады. Егер де мұра қалдырушының соңғы тұрған жері белгісіз болса, мұраны ашу мұра немесе оның үлкен бөлігі орналасқан жер болып табылады.

Мұра қалдырушының орны белгісіз болса



- Егер мұра қалдырушы Қазақстанда фирмасының және Турцияда шарап заводының иесі және еш жерде тұрақты тұрмаған болса, мұраны ашу орнын қалай анықтамақпыз? Бұд кезде мұраны ашу жері болып мұраның көп бөлігі орналасқан жер болып табылады. Ал егер уақытша шет елде тұрып, қайтыс болған ҚР-ның азаматының мұрасын ашу орны болып, шет елге шыққанша **ҚР-да тұрған жері** болып табылады. Шет елде тұрақты тұрған ҚР-ның азаматының мұрасын ашу орны болып, оның шет елде **тұрақты тұрған жері** болып табылады. Бұл кезде мұрагерлік құқық куәлігін ҚР-ның Консулдық мекемесі немесе шет елдің осындай жұмыстарымен айналысатын мекемесі береді.

Егер Қазақстан Республикасының аумағында мүлкі болған мұра қалдырушының соңғы тұрған жері белгісіз болса немесе оның аумағынан тыс жерде болса, Қазақстан Республикасында мұраның ашылу орны деп осындай мұрагерлік мүліктің орналасқан орны (жылжымайтын мүлік орналасқан жер, жылжымалы мүлік тіркелген жер, мұра қалдырушының шоты ашылған банк орналасқан жер және т.б.) танылады. Егер көрсетілген мұра әртүрлі жерлерде орналасқан болса, оның құрамына енетін жылжымайтын мүліктің орналасқан жері, ал жылжымайтын мүлік болмаған кезде - жылжымалы мүліктің немесе оның неғұрлым құнды бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады. Мүліктің құндылығы оның нарықтық құнының негізінде айқындалады.

Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы.

**Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы.**

- 3. Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Азамат тұрақты тұрған жерінен тыс жерде (мысалы, міндетті әскери қызметті өткеруіне, оқуына, жұмыс жағдайына және сипатына, іссапарға, емдеу мекемесіне орналасуына, бас бостандығынан айыру орындарында болуына және т.б. байланысты) қайтыс болған жағдайда осындай адамдардың соңғы тұрақты тұрған жері деп олар қайтыс болғанға дейін (әскери қызметке шақырылғанға дейін, оқуға түскенге дейін, іссапарға шыққанға дейін, сотталғанға дейін және тағы басқа) тұрақты тұрған жері танылады.

Мұрагерлер көрсетілген әрекеттерді мұра ашылған кезден бастап алты ай ішінде жасауы тиіс.

1999 жылғы 1 шілдеден бастап 2007 жылғы 3 ақпан аралығындағы кезеңде ашылған мұра бойынша мұрагерлікке шақырылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде мұрадан бас тартпаған, АҚ-нің 1045-бабында көзделген негіздер бойынша мұрагер құқығынан айырылмаған мұрагер өзіне тиесілі мұраға немесе оның бөлігіне (үлесіне) құқықты мұра ашылған уақыттан бастап иеленеді және заңда белгіленген тәртіппен оны мұрагер деп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп тану салдарынан мұрагерлік құқықты жоғалтпайды.

